

Бекітемін:  
«Күншуақ» жеке меншік  
бөбекжай- балабақшасы»  
мекемесінің әдіскері  
А.Ә.Жақсылықова

# " БӨБЕК АРУ "

(МАТ «Алтын сақа» тобының ұйымдастырылған мерекелік ертеңгілігі )



Тәрбиеші: Орысбаева А

Таушық ауылы, 06.03. 2024 жыл.

**Тақырыбы: «БӨБЕК АРУ!»**

**Мақсаты:** Аналарға деген құрметті арттыру, адамгершілік қамқорлық, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу. Көктем мерекелерімен ата-аналарды құттықтау.

Қыз балалырдың жан дүниесіндегі көркемдік талғамын қалыптастыру, қазақ халқының қыз тәрбиелеу салт-дәстүріне байланысты әдептілікке, инабаттылыққа, ізеттілікке тәрбиелеу

**Көрнекіліктер:**

Интерактивті тақтадан слайдтар, ұлттық киімдер, ұлттық тәрбие жөнінде нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, наурыз мерекесіне арналған баннер, ұлттық көрме т.б. шармен, гүлмен безендірілген зал, ұнтаспа

**Гүлжихан апай:** *Бүгін біздің балабақшада дүбірлі той,  
Ден қойып тыңдаңыздар, көңілді қой.  
Жырдан шашу шашылсын, күй күмбірлеп,  
Қош келдіңіздер, халайық сергісін бой.*

*Балаларға ең жақыны сіз ғой ана,  
Сіздің ыстық құшағыңыз бізге пана  
Сіздерге теңестіретін ешнәрсе жоқ  
Теңесе алар бірақ нәрсе, Отан ғана*

**Алтынтөре :** *Наурыз мейрам жүректерге нұр сепкен,  
Маңдайымнан сүйіп жатыр гүл көктем.  
Жарығыңмен, шуағыңмен күн-Ана,  
Алып келді жер бетіне гүл көктем.*

**Гүлжихан апай:** *Құрметті ата-аналар, қыз-қызғалдақтар, қадірлі тәрбиешілер! Қар астынан қалқып, бәйшешек бой көтергенде, көктемнің алғашқы хабаршысы болып аналар мерекесі келді. Бәйшешек соншалықты нәзіктігіне қарамастан қалың қар астынан бүршік атады. Біздің асыл аналарымызда бәйшешектей барлық қиыншылыққа төзімді. Аналар көктемгі гүлдей жарқырап, гүл мерекелеріңіз, күн мерекелеріңіз құтты болсын!*

**Алтынтөре :** *«Бөбек ару» атты сайысымызды бастауға рұқсат етіңіздер!  
Ал құрметті халайық  
Мерекені бастайық.  
Аруларды әуенмен  
Қошеметпен қарсы алайық.*

**Гүлжихан апай:** *Қайсы күйің, кім биші,  
Талабына қарайық.  
Кімдер зерек, кім тапқыр,  
Таланттарды табайық.*

**Алтынтөре :** *Асқар анау аталар,  
Салихалы әжелер.  
Ұрпағың бұл тағы бір,  
Бүгін ару атанар.*

**Гүлжихан апай:** *Уа, арулар, арулар  
Ешкімнің жоқ алалар  
Ару болу үлкен сын  
Оны әділқазы бағалар.*

**Алтынтөре:** *Кімдер жүйрік өнерпазды білейікші  
«Бөбек ару» деп жүрейікші  
Әділқазы алқасынан әділдікті*

*Ал аруларға сәттілікті тілейікші, -дей келе әділ қазылар алқасымен танысайық.  
(Музыка ырғағымен ұлдар аруларды ортаға алып шығады)*

1. Балабақша меңгерушісі : Алмагүл Ерболатқызы
2. Ата-ана:
3. Ата-ана:

**Гүлжихан апай:** Құрметті көрермендер сайысымыздың шартымен тыныстырып өтейік.

- 1) «Мен қазақтың қызымын!» таныстыру
- 2) «Өнерлі өріс кең» (өнер сайысы : ән, би, күй, өлең оқу)
- 3) «Ас –адамның арқауы» , «Мен аспазшы боламын!» (үй жұмысы , қыздардың үйден дайындап келген асын таныстыру құрамын айту. )
- 4) «Тапқырлар, білгірлер, білімділер» (сұрақ-жауап)
- 5) Сән үлгісін көрсету.

**Алтынтөре:** Құтты болсын осы шаттық күніміз,  
Бақытты да ұзақ өмір сүріңіз  
Қуанышты жүзіңізбен әрдайым  
Бұл өмірде күліп қана жүріңіз.

**Ортада хор:** «Нұрлы көктем» Орындайтын: «Алтын сақа» бүлдіршіндері.

**Гүлжихан апай:** Мен қазақ қыздарына қайран қалам,  
Жанары жаны жаздай жайраңдаған.  
«Қыз өссе елдің көркі» деген сөзді,  
Қапысыз қалай айтқан қайран бабам.  
(Қыздарды таныстырып, ортаға шақыру)

**Алтынтөре:** Досат Айназ қыз білімді,  
Меңгерген бар ілімді.

**Гүлжихан апай:** Адамдықты жаны сүйген қашаннан,  
Ару қыз Жансая біздің қатарынан қалмаған.

**Алтынтөре:** Ақша бетті Сайда,  
Ұқсайды хор қызына.

**Гүлжихан апай:** Аяулым қыз өнерлі,  
Бойында бар өнердің сан түрі .

**Алтынтөре:** Бақшамыздың еркесі  
Раяна қыз көрікті.

**Гүлжихан апай:** Аруларымыз өздерінің реттік нөмірін біліп алу үшін сіздердің алдарыңыздан реттік санын алсын.

### **1-бөлім.**

Өнер қуып арулар өтер дейміз,  
Бір басына өнері жетер дейміз.  
Балабақша аруларымен кездесіп  
Таныстырып өздерін өтсе дейміз, -дей келе арулар реттік нөмірлері бойынша өздерін таныстырып өтеді.

- 1) «Мен қазақтың қызымын» Таныстыру;

**Алтынтөре:** --Ана –біздің күніміз,  
Ананың біз гүліміз  
Балаларды қуантып,  
Ұзақ өмір сүріңіз—деп, «Ана» арнаған өлең шумақтарымызды қабыл алыңыздар!

**Тақпақтар: Расул, Инжу, Әлиасқар, Ғибратолла, Азамат.**

**Расул:** Құтты болсын ақ анам,  
Сегізінші наурызың!  
Қасымда бол әрқашан  
Жансын жарық жұлдызың,  
Тілейді бақыт бір саған  
Әлпештеген ұл-қызың.

**Инжу:** Ананы мен жақсы көремін,  
Ана шаттық, бақыт береді.  
Анаменен барлық адам,  
Бақытты болып жүреді.

**Әлиасқар:** Ана біздің күніміз,  
Ана біздің гүліміз.  
Аналардан тарайды,  
Біздің ана тіліміз.

**Азамат:** Ана пана,  
Ана дана.  
Өмірге әкелетін,  
Ана ғана.

**Ғибратолла :** Анаң болса қасыңда,  
Басқа бақыт не керек.  
Аналардың жүрегі  
Мейірімді ғой керемет.

**Әділ-қазылар 1-бөлім бойынша бағаларыңызды беріп өтсеңіздер.**

**2-бөлім.**

**Гүлжихан апай:** Ал кімнің өнері бар қанишалықты,  
Би билеп, ал біреулер ән салыпты.  
Бүгінгі сайыста бәйге алуға  
Арулар аянбай-ақ жан салыпты –дей келе «Өнерліге өріс кең» .Аруларымызды өз өнерлерін көрсетуге шақырамыз.

**2) «Өнерліге өріс кең» . ӨЗ ӨНЕРІН КӨРСЕТУ.**

**Алтынтөре:** Аруларымыз келесі сайысқа дайындала берсін. Ал біз көңілді бимен жалғастырақ ертеңгілігімізді.

**Ортада «КӨКТЕМ!биі.**

Маржан , Инжу, Адина.  
Жанәли , Ғибратолла, Азамат.

**Әділ-қазылар 2-бөлім бойынша бағаларыңызды беріп өтсеңіздер.**

**3) Бөлім. «Ас адамның арқауы»**

**Гүлжихан апай:** Арусыңдар таудай биік талабың,  
Қызысыңдар еркін өскен даланың  
Ал, қанекей мүдірмеңдер бұл сында  
Ас әзірлеу, қыздар үшін қиын шаруа болып па? (тамақ дайындау, дайындалу жолдарын айтып түсіндіру)

**Алтынтөре:** Менің әжем ақ әжем,  
Ұл мен қыздың бағы әжем.  
Ертегі айтып бер десең,  
Айтып берер тағы әжем.  
Менің әжем жыр әжем,

*Шуағы мол, нұр әжем  
Ақ таяққа сүйеніп,  
Аман есен жүр әжем.*

*Ортада Бекбай бүлдіршіннің орындауында «Әже» әнін қабыл алыңыздар!*

**Ән : Әже. Орындайтын :Бекбай.**

**Әділ-қазыла 3-бөлім бойынша бағаларыңызды беріп өтсеңіздер.**

**4-бөлім «Тапқырлар, білгірлер, білімділер» (сұрақ-жауап)**

**Гүлжихан апай:** Өнерімен өрге жүзіп шарықтадың,  
Мақсатыңды талаппен анықтадың.  
Сан қырлы таза сауһар секілденіп,  
Қуантады өзіңді танытқаның.  
Жас ару –жас зұмырдың талғамысың  
Қуантқан әрбір үйдің арнамысын,  
Дәл бүгін қанат қағып сыналарда,  
Сан сұрақтан сүрінбей самғап ұшиқын, -дей келе сұрақ-жауап бөліміне  
шақырамыз. Ковертте жасырылған сұрақтарды алып реттік нөміріміз бойын жауап бересіздер.

**Сайда : Жұмбақ .**

*Гүл - гүл жайнап жер, аспан,  
Гүрілдейді сайда өзен.  
Гүлжазира жарасқан  
Гүлдерімен қай кезен? (Көктем)*

**Жұмбақ шешуін тауып , шешуін әріптермен жазу, буыңға бөлу және дыбыстық талдау жасау. Қаниша дауысты дыбыс бар екенін айту.**

**Раяна : Жұмбақ .**

*Сөзі дана , үні жоқ,  
Сөйлемейді тілі жоқ.  
Қолыңа алсаң шешен  
Ақылы асқан көсем.*

**Жұмбақ шешуін тауып , шешуін әріптермен жазу, буыңға бөлу және дыбыстық талдау жасау. Қаниша дауыссыз дыбыс бар екенін айту.**

**Жансая :** Суретті мақал. Үй жануарларын атап бер. Артық , кем және тең таңбасына тапсырма берілген екен.

**Аяулым :** Суретті мақал. 7 санының көршілерін ата. Артық , кем және тең таңбасына тапсырма берілген екен.

**Айназ . Әріпті ата. Қандай дыбыс. Әріптен басталатын сөз ойла?**

**Алтынтөре:** Қыздарымыз келесі бөлімге дайын болғанша кезекті меркеге арналған тақпақтарымызға береміз .

**Тақпақтар: Бекбай , Бекжан, Маржан ,Адина, Дидар ,Омар.**

**Бекбай:** Ақ жаулықты әжемді,  
Ай жүзіне теңедім.  
Мейірімі таусылмас  
Күн нұрына теңедім.

**Бекжан :** Ақ әжемді әрқашан,  
Сыйлап жақсы көремін.  
Қуантайын деп оны

Өлең айтып беремін.

**Маржан :** Жарқын жүзді жан анам,  
Сендей болсын бар адам.  
Сендей болса бар адам,  
Шаттық кетпес баладан.

**Имран :** Әже деген көп шығар,  
Әжемдей менің жоқ шығар.  
Мейірімді бұл кісі  
Қандай ғажап күлкісі.

**Дидар:** Менің әжем , гүл әжем  
Алтын әжем , күн әжем  
Анам үшін мен үшін  
Нағыз ана тілі әжем.

**Омар:** Мәпелеп мені өсірген,  
Риазмын мен өзіңе.  
Ана деген керемет  
Сыйлап өтем өмірде.

**Әділ-қазыла 4-бөлім бойынша бағаларыңызды беріп өтсеңіздер.**

**5-бөлім Сән үлгісін көрсету.**

**Гүлжихан апай:** Қыз емес қыздың аты қызыл алтын,  
Көрінер толған айдай жүзі жарқын.  
Үлкеннің алдын орап сөз сөйлемес,  
Халқының сақтай білген ізгі сәнін, -дей келе аруларымыздың сән үлгісін көрсетеді.

**Алтынтөре:** Мен – қазақ, қазақпын деп мақтанамын,  
Ұранға Алаш деген атты аламын.  
Сүйгенім қазақ өмірі, өзім қазақ,  
Мен неге қазақтықтан сақтанамын?

**Ортада би:** «Қазақ жігіттері «Алаш ұраны» биімен.

1- Дидар , Айбын ,Бекжан.2- Әлиасқар, Наурызбек, Омар. 3-Имран , Айбар ,Нұрсұлтан.  
4-Расул . Бекбай .

**Әділ-қазыла 5-бөлім бойынша бағаларыңызды беріп өтсеңіздер.**

**Гүлжихан апай:** Барына риза болсын көрермендер,  
Көрсетті өнерлерін жас өрендер.  
Осымен сайысымыз аяқталсын,  
Қазылар берсін енді шын бағасын.

**Алтынтөре:** Қазылар орнықтырар әділдікті,  
Кімдердің жауаптары кәміл шықты.  
Өнерлі, білімділер жарысында,  
Жеңіске жетер дейміз нағыз мықты. Әділ қазылар алқасы қорытынды бағасын шығарғанша «Бөбек ару» атты ертеңгілігімізді «Ана» әнімен аяқтаймыз.

**Қорытынды сөз.** Сайысқа қатысушы бүлдіршін арулар марапатталады. Осымен байқауымыз өз мәресіне жетті. Ару қыздарымызға рахмет айтамыз. Мерекелеріңіз құтты болсын!

